



Еңбексту жалпы орта білім беретін мектебі

Бекітемін:  
Мектеп директоры:  Б.Т Калмурзина

Келісемін:  
Оку ісінің орынбасары:  Н.Махамбетова

Перспективалық жоспар  
Қыркүйек

Сынып: Мектепалды сынып

Тәрбиеші: Ж.Н Асаугалиева  
Ә/Б отырысында каралды:   
Ә/Б жетекші: А.С Төлеуова  
№ 1 хаттама уакыты «28 » « 08 » 2024ж

2024-2025 оку жылы

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және  
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
2024 – 2025 оқу жылына арналған  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру үйімі:** Еңбекту ЖОББМ

**Топ/сынып:** Мектепалды сынып

**Балалардың жасы:** 5 жастағы балалар

**Қыркүйек айы 2024 жыл**

| Ұйымдастырылған іс әрекет  | Ұйымдастырылған іс әрекет міндеттері |
|--|--------------------------------------|
| <p><b>Дене шыныктыру</b></p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттығулар.</b><br/>Кол және ийк белдеуіне арналған жаттығулар: Колды кеуде тұсына кою, екі жакқа созу; колды жоғары көтеру және екі жакқа созу<br/>Кеудеге арналған жаттығулар: Допты жогарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру.<br/>Колдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5метр қашыктықта екі қолын жерге койып, жүргүзу (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).<br/>Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа енкею (5-6рет)<br/>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтын ұшына көтерілу, колды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3рет);</p> <p><b>Негізгі қимылдар:</b><br/>сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру;<br/>шарап, жүлпен,<br/>жүрумен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» торт тағандап енбектеу<br/>бір орында тұрып, алға карај 3-4метр қашыктықка жылжу арқылы секіру,<br/>допты жогары, жілтің үстінен лактыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу;<br/>заттардан аттап тепе-тендікті сактап жүру<br/>сапка бір, екі, үш катармен тұру,</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b><br/>Таныс дene жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ыргағын музыкалық сұйемелдеумен үйлестіру.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b></p> |                                      |

|                        |   |
|------------------------|---|
|                        | <p>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс кимылды ойындарды озбетінше үйімдастыруға мүмкіндік беру. Балаларды жарыс элементтері бар ұлттық кимылды ойындарды ойнату.</p> <p><b>Дербес кимыл белсенділігі.</b></p> <p>Кимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру.</p> <p><b>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</b></p> <p>Әзінің коніл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</b></p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін колдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бакылауды дамыту, дененің тазалығын бакылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамактанғаннан кейін ауызды шаю, колорамалды пайдалану, белгі деін дымкыл сұлтімен сұртіну. Осы шарапдарды жүргізуін және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Гигиеналық шарапдарды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сактау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шарапалары.</b></p> <p>Танертенгі жаттығуды орындауда қызыгуышылық тудыру, дene бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> |
| <b>Сойлеуді дамыту</b> | <p><b>Сойлеудің дағыбыстық мәдениеті:</b></p> <p>Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-н, р-лдыбыстыарды дүрүс, анықтады үйрету.</p> <p><b>Сөздік кор.</b></p> <p>Балалардың сөздік корынты үрмистық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың касиеттері мен сапасын сипаттайтын сыйн есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың енбекке катынасын білдіретін үстеулермен байыту.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық күрьшлимы:</b></p> <p>Сойлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сыйн есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.</p> <p><b>Байланыстырып сойлеу:</b></p> <p>Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауга ынталандыру.</p> <p><b>Шығармашылықпен сойлеу қызметі.</b></p> <p>Шығармашылықпен әнгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және сонын ойдан шығару дағдысын дамыту.</p>   |

|                           |  |
|---------------------------|--|
| <b>Көркем әдебиет</b>     | Балаларды колжетімді көркем шыгармалармен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапка деген қызыгуышылығын дамыту.<br>Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару.   |
| <b>Саят ашу негіздері</b> | Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін калыптастыру.<br>Қолды жазуға дайындау: жазу кезінде арканы дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру және қаламды немесе карындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. Геометриялық фигуralардын, көкеністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шыгармай бастыру, бояу.   |
| <b>Қазақ тілі</b>         | <p><b>Тілдің дамытушы орта.</b><br/>Ауызекі сойлеуді қарым-қатынас құралы ретіндеге дамыту.<br/>Балалардың коршаган ортага өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сойлеуд ынталандыру.</p> <p><b>Сойлеудің дыбыстық мәдениеті.</b><br/>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды жетілдіру(басы, ортасы, соны).</p> <p><b>Сөздіккор.</b><br/>Шагын олендер, санамактар, жаңылтпаштар, тақпактар жаттату, жұмбактар шешкізу. Балаларды шешендей өнерге, айты сөнеріне баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b><br/>Сөздерді жіктеп, тәусілдең, септеп колданабілуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сойлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p><b>Байланыстырып сойлеу.</b><br/>Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұкият тындауға, сұраптарды дұрыс коюға, оған қыска және толық накты жауап беруге баулу.</p> |

|                               |   |
|-------------------------------|---|
| Математика<br>негіздері       | <p><b>Жиын.</b><br/>Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, кимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құруды үйрету</p> <p><b>Сан, санау.</b><br/>Математикалық терминдерді қолдана білуді, 6 саны колеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету.</p> <p><b>Шама.</b><br/>Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын анықтай білуін дамыту.</p> <p><b>Геометриялық фигуralар.</b><br/>Шенбермен және тіктортбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.</p> <p><b>Кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістіктеге орналастыру (сол жақта, он жақта, жоғарыда, төменде);</p> <p><b>Уақытты бағдарлау.</b><br/>Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атап, циферблат бойынша уақытты анықтау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқигалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын–кейінірек») анықтау.</p> <p>Нұктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяшаларды, кисық және кигаш сызықтарды дәптердің торкөзінде сыйзуға үйрету.</p> |
| Коршаган ортамен<br>таныстыру | <p><b>Бала, оның отбасы, үйі.</b><br/>Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшага баруы, мектепке баруы, ересек азamat болып ержетуімен еңбек етуі, болашакта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашакта мектепте оқуға ынталып аттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дәғдышларды игеруге ықпалету.</p> <p><b>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</b><br/>Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсінуін жетілдіру.</p> <p><b>Көлік, байланыс құралдары.</b><br/>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінуіне жағдай жасау</p> <p><b>Еңбекке баулу.</b><br/>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін көңейту. Айналадағы заттар, ойыншықтар</p>  |

|            |  |
|------------|--|
|            | <p>адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыптықарау дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b><br/>Балаларды адамгершілік қындылықтарға, өз іс-әрекеттерімен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірінділігем жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, енбекетуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге үмтүлуге баулу</p> <p><b>Жол қозғалысы ережелері.</b><br/>Жолда қауіпсіздік ережелерін сактау. Жол белгілері жүру бөлігі, жаяу журғіншілер өткелін білу, бағдар шамның белгілеріне сәйкес жолдан оту әрекетін жасауды үйрету.</p> <p><b>Табиғат пен таныстыру</b><br/>Тірі және елі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам енбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бакылау және түсінін дамыту.</p> <p><b>Осімдіктер әлемі.</b><br/>Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бакылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажыратуды үйрету, өсімдік жапырақтары, сабактарының қозғалуы.</p> <p><b>Жануарлар әлемі.</b><br/>Казакстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажыратуды үйрету.</p> <p><b>Қарапайым экологиялық ұғымдарды</b>, адамның табиғаттың бір болігіекенін және оны корғау, сактау керек екенін, күн мен ауанын адам, жануарлар мен осімдіктер оміріндегі маңызы турали, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сактауда жауапкершілікті сезіне білуді ұйымдастыру.</p> <p><b>Қоғамдық орындарда мінезд-құлық ережелері туралы;</b> үйдең, балабакша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін көнектүү.<br/>Ненин «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жаксы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажыратада білуге үйрету.</p> <p><b>Балаларды жалпы қабылданған нормалармен ережелерді саналы түрде орындауга баулуды жалғастыру.</b> Ережелер барлығына жаксы болуы (карапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын түсіну маңыздылығын үйрету. Егер белгілі бір ережелер сакталмagan жағдайда не болатынын балалармен талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Көршаган ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу;</b> өз омірін қауіпсіздігін сактауды үйрету (бейтаныс адамдармен сойлеспей, ойнамау, бөтен машинадарга отырмау, бейтаныс адамдардың отініштерін орындау, олардың сонынан ермеу).</p> |
| Сурет салу | <p>Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшелістері мен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы көніктіктең катынастарды жеткізе білуді.</p> <p>Бояу мен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сыйықтарды сызарда қылқаламды қолденен, ал жінішке сыйықтармен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан онға қарай, жоғарыдан төмөн қарай, киғашынан жүргізу тәсілдерін үйрету.</p>   |

|                  |   |
|------------------|---|
| <b>Мұсіндеу</b>  | Сазбалышық, ермексаз және пластикалық массадан мұсіндеудің ерекшеліктерін білуді. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді мұсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, колльын және саусақтардың кимылдарын жетілдіру, қаралайым пропорцияларды сактай отырып пішіндерін мұсіндеу дагдыларын дамыту.   |
| <b>Жапсыру</b>   | Кайшыны колдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер күп алу. Жапсырудың түрлі әдістері(симметриялы, сымметриялы, сұлбалы)мен тасілдерін колдану, түрлі материалдардан(көз, мата, табиги материалдар) жапсыру. Кайшымен желімді дұрыс колдану дагдыларын жетілдіру, енбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сактауды үйрету.  |
| <b>Музыка</b>    | <p><b>Музыка тұндау.</b><br/>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, қоңыл-қүйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратада білуге үйрету.<br/><b>Ән айту.</b><br/>Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.<br/><b>Музыкалық-ырғактық кимылдар.</b><br/>Музыканың және оның боліктегінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес кимылдарды өзгерте отырып, жаттыгуларды орындауда үйрету: марш сипатын анық ырғакты жүргүмен;<br/><b>Билемер.</b><br/>Музыкаға сәйкес орындалатын би кимылдарын білуді; би кимылдарының элементтерін женіл, еркін орындауды; козғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес сөзөрді үйрету.<br/><b>Би шығармашылығы.</b><br/>Таныс би кимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би кимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналай; шығармашылық тапсырмаларды орындауда ынталандыру.<br/><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</b><br/>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауда үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> |
| <b>Құрастыру</b> | <p><b>Құрылым материалдарынан, конструктор болшектерінен құрастыру.</b><br/>Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпка, өз бетінше ойдан құрастыруға баулу<br/><b>Қағаздан құрастыру.</b><br/>Пішіндердің түрлі калыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді калыптастыру.<br/><b>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</b><br/>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істей, бейнені кескіні бойынша кино үшін қайшыны колдануды жетілдіру.<br/><b>Табиги, қалдық материалдардан құрастыру.</b><br/>Табиги материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиги және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін</p>   |

жоспарлау дағдыларын жетілдіру